


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 344	▼ -0,39%	▲ 8,1%
NASDAQ	20 795	▼ -0,73%	▼ -10,5%
DJIA	45 216	▲ 0,11%	▲ 6,7%
CBOE Volatility Index (VIX)	31	▼ -1,42%	▲ 70,7%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 128	▲ 1,61%	▲ 22,6%
DAX	1 927	▲ 1,19%	▲ 13,0%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	24 751	▼ -0,81%	▲ 26,1%
Nikkei 225	50 997	▼ -4,45%	▲ 27,8%
Shanghai SE	3 923	▲ 0,24%	▲ 20,3%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 704	▼ -0,27%	▲ 35,7%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары әртүрлі бағытта жабылды: S&P 500 индексі 0,39%-ға төмендеп \$6 343,72 деңгейінде қалыптасты, Nasdaq Composite 0,73%-ға төмендеп \$20 794,64 болды, ал Dow Jones Industrial Average 0,11%-ға өсіп \$45 216,14 деңгейіне жетті. S&P 500 индексідегі 11 сектордың 6-ы төмендеу көрсетті. Ең үлкен құлдырау Information Technology (-1,8%), Energy (-1,8%) және Industrials (-1,1%) секторларында байқалды. Ал Financials (+1,3%), Communication Services (+1,0%) және Utilities (+0,7%) секторларында өсім тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 587 448 944 334	▲ 1,0%	▼ -6,0%	▲ 27,3%
Consumer Discretionary	5 643 401 894 229	▼ -0,2%	▼ -9,6%	▲ 10,9%
Consumer Staples	3 469 878 697 686	▼ -0,3%	▼ -9,7%	▼ -2,0%
Energy	2 339 730 855 013	▼ -1,8%	▲ 9,3%	▲ 35,5%
Financials	7 057 437 637 717	▲ 1,3%	▼ -6,9%	▲ 1,1%
Industrials	9 013 868 556 226	▼ -1,1%	▼ -12,4%	▲ 23,8%
Information Technology	17 833 178 089 256	▼ -1,8%	▼ -7,7%	▲ 73,6%
Materials	1 138 479 541 507	▼ -0,1%	▼ -5,4%	▲ 20,7%
Real Estate	1 071 087 000 227	▲ 0,6%	▼ -8,1%	▼ -5,2%
Utilities	1 450 624 718 887	▲ 0,7%	▼ -2,6%	▲ 16,1%
Health Care	4 405 466 888 316	▲ 0,0%	▼ -10,3%	▼ 0,8%

АҚШ-тың негізгі қор индекстері дүйсенбі күні Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің күшеюі аясында көбіне төмендеумен жабылды. Президент Дональд Трамптың Иранмен келіссөздер жүргізілуі мүмкін деген мәлідемелерінен кейін қалыптасқан оптимизм оның Тегеранға қатысты жаңа ескертуінен және аймақтағы қақтығыстың кеңеюінен кейін әлсіреді.

Трамп АҚШ соғысты тоқтату жөнінде «неғұрлым ақылға қонымды режиммен» маңызды келіссөздер жүргізіп жатқанын мәлімдеді, алайда бір мезгілде Ормуз бұғазын ашу талабын тағы да қайталады. Оның айтуынша, егер бұл талап орындалмаса, АҚШ Иранның мұнай кен орындары мен энергетикалық инфрақұрылым нысандарына соққы беруі мүмкін. Өз кезегінде Иран АҚШ-тың бейбіт ұсыныстарын шынайы емес деп бағалап, қақтығыстың одан әрі өршу қаупін күшейтті.

Нарықтарға қосымша қысым қақтығыстың кеңеюінен туындады: демалыс күндері Иран қолдайтын Йемендегі хусит қозғалысы соғысқа араласты. Қарсыластық географиясының кеңеюі мұнай жеткізілімдерінің үзілуі мүмкін деген алаңдаушылықты күшейтіп, энергия тасымалдаушылар бағасының өсуіне және инфляциялық тәуекелдердің артуына алып келді.

Геосаяси шиеленістің күшеюі аясында технологиялық сектор акциялары айтарлықтай төмендеп, S&P 500 индексіне негізгі қысым жасаушылардың біріне айналды. Иран төңірегіндегі қақтығыстың ұшығуы мен мұнай бағасының 100 доллардан жоғары көтерілуі инвесторлардың risk-off стратегиясына көшуіне себеп болды, нәтижесінде growth сегментіндегі компаниялар белсенді сатылды. Әсіресе жартылай өткізгіштер секторында қысым күшейіп, SOX индексі 4,2%-ға төмендеді. Бұған қоса, корпоративтік факторлар да әсер етті: Micron акциялары шамамен 10%-ға құлдырады, ал Seagate қағаздары Google ұсынған TurboQuant технологиясынан кейін төмендеді. Нарық бұл технология жасанды интеллект модельдерінің жадыға деген қажеттілігін азайту мүмкін деп бағалап, metagou-компаниялар секторындағы сатылымдарды күшейтті.

Нарыққа белгілі бір қолдау Федералдық резерв жүйесінің төрағасы Джером Пауэллдің пікірлерінен кейін байқалды. Ол энергетикалық шоққа қарамастан ұзақ мерзімді инфляциялық күтулер тұрақты болып отырғанын атап өтті және ФРЖ қазіргі тәуекелдерге қатысты шешім қабылдауға әзірге асықпайтынын мәлімдеді.




Сонымен қатар мұнай нарығы геосаяси тәуекелдердің күшеюі аясында өсуді жалғастырды. Эталондық мұнай бағалары тарихтағы ең ірі айлық өсімдердің біріне жақындады. Brent маркалы мұнай рекордтық айлық өсімге бет алды, ал АҚШ мұнайы 2022 жылдан бері алғаш рет барреліне 100 доллардан асты. Сауда қорытындысы бойынша Brent фьючерстері 0,2%-ға өсіп барреліне 112,78 долларды құрады, ал американдық мұнай 3,3%-ға қымбаттап 102,88 долларға жетті. Бұл нарықтағы жеткізілімдердің үзілу қаупі мен қақтығыстың одан әрі ұшығуына қатысты алаңдаушылықты көрсетеді.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	383	▲ 1%	▲ 39,7%
Банк ЦентрКредит	4 550	0%	▲ 98,5%
Kcell	3 327	0%	▼ -1,6%
Қазатомпром	38 094	▲ 1%	▲ 86,3%
ҚазТрансОйл	1 285	▲ 4%	▲ 56,2%
KEGOK	1 461	0%	▼ -3,9%
Kaspi.kz	35 200	▼ -3%	▼ -35,8%
ҚазМұнайГаз	31 500	0%	▲ 115,3%
Эйр Астана	662	▼ -2%	▼ -42,0%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	481,76	▼ -0,28%	▼ -4,9%
RUB/KZT	6,43	0,00%	▲ 0,4%
CNY/RUB	11,15	▼ -0,32%	▲ 1,5%
EUR/USD	1,1465	▼ -0,37%	▼ -2,2%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.